

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Мен, өз еркіммен және өз мүдделеріме сай еркін әрекет ете отырып, осымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген «ХИМФАРМ» Акционерлік қоғамына, БСН 931240000335 (бұдан әрі – «Компания») өзімнің Компанияның веб-сайты <https://santo.kz/> арқылы және дәрілік препараттардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі мәселелері бойынша өзге де мамандандырылған сайттар, электронды пошта, телефон қоңыраулары және Компания атына жазған хаттарым арқылы ұсынған дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісімді беремін. Компанияның атына жолданған мұндай хабарлама менің, Компанияның дербес деректерімді жинауына және өңдеуіне келісетінімді білдіреді және растайды.

Дербес деректер дегенде мен белгілі бір субъектіге немесе солардың негізінде белгілі болатын субъектіге қатысты мәліметтерді, электронды, қағаз және (немесе) өзге материалдық тасымалдағышта орналастырылған дербес деректерді, оның ішінде менің тегім, атым, әкемнің аты, мамандығым, ұялы байланыс нөмірім, электронды поштамның мекенжайы деп түсінемін.

Мен дербес деректерімді жинау және өңдеу келесі мақсаттарда (бұдан әрі – «Мақсаттар») жүзеге асырылатынынан хабардармын:

- 1) Компанияның менің сұрауларымды, оның ішінде медициналық реттеу сипатындағы сұрауларымды тіркеуі және өңдеуі, сондай-ақ менің сұрауларыма жауап беруі;
- 2) фармакологиялық қадағалау және дәрілік препараттардың қауіпсіздігін мониторингтеу аясында менімен өзара байланыс жасау, Компанияның денсулық сақтау саласындағы заңнама талаптарын, әдеп қағидаларын, стандарттарды сақтауы мақсатында, маған қажетті ақпаратты ұсынуы;
- 3) дәрілік препараттардың жағымсыз әсерлері туралы хабарламаларды, дәрілік препараттарды қолданудың жағымсыз салдарлары туралы мәліметтер туралы хабарламаларды жинау және өңдеу, сол сияқты сондай хабарламаларды тексеру және талдау, оның ішінде менен қосымша ақпаратты нақтылау және алу;
- 4) маған дәрілік препараттардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы мәліметтерді ұсыну жолымен дәрілік препараттардың қауіпсіз әрі тиімді пайдаланылуына жәрдемдесу;
- 5) қолданыстағы заңнама талаптарын және реттеуші органның өкімдерін сақтау;
- 6) менімен әртүрлі тәсілдермен байланыста болу, оның ішінде электронды пошта және менің жоғарыда аталған мақсаттар үшін ұсынған байланыс деректерім арқылы.

Мен, өз еркіммен және өз мүдделеріме сай еркін әрекет ете отырып, осымен «ХИМФАРМ» АҚ-ға:

1. менің дербес деректерімнің осы келісімде анықталған Мақсаттарда жиналуына және өңделуіне (дербес деректерді жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға арналған іс-әрекеттер);
2. дербес деректерді Компания тұлғасының атынан немесе Компанияның тапсырмасымен, осы келісімде анықталған Мақсаттарда өңдеуді жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға дербес деректерімді өңдеуді жүктеуіне, және соған байланысты менің дербес деректерімнің жеткізушілерге, консультанттарға және өзге тұлғаларға (сондай-ақ еншілес және үлестес тұлғаларына, қосалқы мердігерлеріне, агенттеріне және құқықтық мұрагерлеріне) беруіне;
3. денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ дәрілік құралдар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымына дербес деректерімді қолданыстағы заңнамасын талаптарын орындау мақсатында беруіне;
4. менің дербес деректерімді Компанияның үлестес тұлғаларына, Polpharma компаниялар тобына кіретін компанияларға, Компанияның тапсырмасымен, дербес деректерді осы келісімде анықталған Мақсаттарда өңдеуді жүзеге асыратын жеткізушілерге, консультанттарға және өзге де үшінші тұлғаларға (сондай-ақ олардың еншілес және үлестес тұлғаларына, мердігерлеріне, агенттеріне және құқықтық мұрагерлеріне) трансшекаралық беруіне келісімді беремін.

Мен Компанияға ұсынған дербес деректерімді phv@santo.kz және infomed@santo.kz электронды мекенжайларына хат жолдау немесе 160019, Шымкент қ., Рашидов к-сі, 81 мекен-жайы бойынша «ХИМФАРМ» АҚ атына хат жолдау жолымен өзгерте алатыным туралы білемін.

Мен, менің дербес деректерімнің дербес деректердің жалпыға ортақ көздерінде таратылуына тек менің келісіміммен ғана жол берілетінін білемін.

Мен осы келісімнің үшінші тұлғаларға, Компанияда дербес деректерді жинауға, өңдеуге және трансшекаралық беруге субъектілердің қажетті келісімдерінің бар екені туралы дәлел ретінде ұсынылуы мүмкін екенімен келісемін.

Мен дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген осы келісімім берілген күннен бастап 20 (жиырма) жыл қолданылатынына келісемін, егер қолданыстағы заңнамада біршама ұзақ мерзім белгіленбесе.

Мен осы келісімді кез келген уақытта, 160019, Шымкент қ., Рашидов к-сі, 81 мекен-жайы бойынша «ХИМФАРМ» АҚ атына өзім қол қойған өтінішті жолдау не phv@santo.kz және infomed@santo.kz электронды мекен-жайларына «Дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісімді қайтарып алу – Фармаконадзор» деген белгімен хат жолдау жолымен қайтарып ала алатыным туралы білемін.

Мен үшінші тұлғалардың дербес деректерін олардың келісімінсіз ұсыну Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауаптылыққа апарып соқтыратынын білемін.